

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі мен Ресей Федерациясының Ақпараттық технологиялар және байланыс министрлігінің арасындағы әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуін пайдалану туралы Келісім

Келісім, Алматы қ., 2006 жылғы 17 маусым

**Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі мен Ресей Федерациясының Ақпараттық технологиялар және байланыс министрлігінің арасындағы әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуін пайдалану туралы
КЕЛІСІМ <*>**

(2006 жылғы 17 маусымда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2007 ж., N 1, 1-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі (Қазақстан Республикасының Байланыс әкімшілігі) мен Ресей Федерациясының Ақпараттық технологиялар және байланыс министрлігі (Ресей Федерациясының Байланыс әкімшілігі), әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуін бірлесе пайдалану мәселелерін шешу мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар "Жалпы пайдаланыстағы байланыс желілері үшін халықаралық нөмірлеу жоспары" Халықаралық Электрбайланыс Одағының 1997 жылғы (ХЭО-Т) E.164 ұсыныстарына сәйкес ішкіаймақтық және халықаралық телефон байланысы желісіне шығу үшін сәйкесінше қазіргі кездегі пайдаланып жүрген "8" және "8-10" префикстерінің орнына 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап "0" префиксін, ал халықаралық телефон байланысы желісіне шығу үшін "00" префиксін пайдаланады.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы қабылданған шешімдеріне сәйкес өз мемлекеттерінің аумағында шұғыл жедел қызметтерді шақыру үшін Тараптар "112" бірыңғай нөмірін пайдалануға көшеді.

3-бап

Қазақстан Республикасының байланыс әкімшілігі 2007 жылғы 31 желтоқсанға дейін өздері бұрын тағайындаған А=3 ішіндегі АВС нөмірлеу аймағымен анықталатын географиялық кодтарды (бұдан әрі - АВС коды) осы Келісіммен оларға бекітілген кодтар тізбесіндегі АВС басқа кодтарына өзгертеді. А=3 ішіндегі босатылған АВС кодтарын пайдалану құқығы Ресей Федерациясына бекітіледі.

4-бап

Тараптар электрбайланыс қызметтеріне қол жетімді жалпы резервтік кодтар ретінде DEF = 881-899, DEF = 800-809 кодтар тобын бірлесе пайдалануды бекітті.

5-бап

Тараптар өздеріне осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көрсетілген, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясына әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуінің кодтары бекітілген Кестеге сәйкес әлемдік нөмірлеудің аймағының нөмірлеуін бекітеді.

Тараптармен жекелеген келісімдер жасау арқылы Тараптардың әрқайсысына жалпы резервтен нөмірлеу ресурсы бекітіледі.

Тараптар өз мемлекеттерінің заңына сәйкес Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясына әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуінің кодтары бекітілген Кестеге сай әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуінің аймақ кодтарын тағайындауды жүргізеді.

6-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің жалпы пайдаланыстағы желілерінің тіркелген телефон байланысы желілерінде қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсетуші байланыс операторын таңдауға абоненттің және (немесе) байланыс қызметін пайдаланушының құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Аталған қалааралық және халықаралық телефон байланысы операторын таңдау құқығын қамтамасыз ету мақсатында мынадай тәсілдер пайдаланылады:
байланыс операторын алдын ала таңдау;
әр шақыру сайын байланыс операторын таңдау.

7-бап

Тараптар абоненттер және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін ішкі аймақтық телефон байланысы қызметін көрсетуші байланыс операторын таңдау

құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді. Тараптар өз мемлекеттерінде аталған таңдау құқығын іске асыру мерзімдерін жекелеген келісімде белгілейді.

8-бап

Тараптар әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуінің жүйесі мен жоспарын өзара келісім бойынша қабылдайды. Әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуінің жүйесі мен жоспарының жаңа редакциясы Ресей Федерациясының Байланыс әкімшілігімен 2007 жылғы 1 наурызға дейін "Нөмірлеудің ресейлік жүйесі мен жоспары" нормативтік құқықтық актісі және "Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде нөмірлеудің жүйесі мен жоспары" Басшылық құжаты негізінде әзірленеді.

9-бап

Тараптар 2007 жылғы 1 қаңтарға дейін дайындалып және келісілетін бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес осы Келісімнің ережелерінің 1-3 баптарын іске асыру жөніндегі жұмыстарға кіріседі.

Мұндағы аталған іс-шаралар жоспарында мына мәселелер көрсетілуі тиіс: ішкі аймақтық, қалааралық, халықаралық телефон қосылымдары үшін оның ішінде ішкі аймақтық, қалааралық, халықаралық телефон қосылыстары қызметін көрсету кезінде телефоншының көмегі арқылы анықтамалық ақпаратты алу үшін нөмірлер ф о р м а т ы н өзгерту ;

10 сандық ұлттық телефон нөмірін пайдалануға дайындау мақсатында ішкі аймақтық қосылыстар үшін нөмірлер форматын өзгерту (жабық нөмірлеу жоспары).

10-бап

Тараптар осы Келісім ережелерінің орындалу және іске асырылу мерзімдері жөніндегі ақпаратпен уақытылы алмасуларын қамтамасыз етеді.

11-бап

Осы Келісім оның қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапқа өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген күнінен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін күшінде қалады.

Осы Келісімге Тараптардың жекелеген хаттамаларымен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2006 жылғы 17 маусым Алматы қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

(Қолдары)

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі мен Ресей Федерациясының Ақпараттық технологиялар және байланыс министрлігінің арасындағы әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуін пайдалану туралы

Келісімге қосымша

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясына әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуінің аймақ кодтарын бекіту кестесі

Қазақстан Республикасының байланыс әкімшілігі(кодтар ауқымы)	Ресей Федерациясының байланыс әкімшілігі (кодтар ауқымы)	Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының байланыс әкімшіліктерінің бірлесе пайдалануы (кодтар ауқымы)
		ABC = 000-099
		ABC = 100-199
		ABC = 200-299
	ABC = 300-399	
	ABC = 400-499	
	ABC = 500-599	
ABC = 600-699		
ABC = 710-749, 760-799 DEF = 700-709, 750-759	ABC = 810-818, 820-821, 831, 833-836, 840-848, 850-851, 855-857, 860-863, 865-867, 869, 871-873, 877-880*	DEF = 800-809 DEF = 881-899
	DEF = 900-999	

*А=8 ішіндегі АВС кодтарының бөлінбеген ресурстары (26 кодтар-819, 822-829, 830, 832, 837-839, 849, 852-854, 858-859, 864, 868, 870, 874-876) жалпы резервке бекітіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК